

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША

Нұсқаулық өрт туындаған жағдайда балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау және өрттің қауіпті жағдайларының алдын алу мақсатында тәрбиеленушілер үшін әзірленді.

1. Өрт тудыру көздері: сіріңке, оттық, ақауы бар электр құрылғылары, сымдар, от, түтін, газ плитасының жанып тұрған оттығы.
2. Өрт қауіпсіздігінің жалпы ережелері
 - 2.1. Сіріңкемен және оттықпен ойнауға болмайды, бұл өрттің туындауына әкеледі.
 - 2.2. Дезодорант баллондарымен ойнауға болмайды.
 - 2.3. Ересектерсіз газды қосуға болмайды.
 - 2.4. Ересектер болмаған жағдайда электр құрылғыларын қосуға болмайды.
 - 2.5. Өзбетінше от жағуға тыйым салынады.
 - 2.6. Заттарды, баллондарды отқа тастауға болмайды, олар жарылуы мүмкін.
 - 2.7. Қағазды, шүберекті, жүнді, құрғақ шөпті жағуға болмайды – бұл өрттің пайда болуына әкеледі.
 - 2.8. Электр сымдарын ұстауға, оларға ештеңе ілуге, электр құрылғыларына жақын ойнауға болмайды.
 - 2.9. Өрт болған жағдайда дереу ересектерді шақыру керек.
3. Балабақша/мектеп аумағындағы өрт қауіпсіздігі ережелері
 - 3.1. Балабақшаға/мектепке сіріңке, оттық, газ және дезодорант баллондарын әкелуге тыйым салынады.
 - 3.2. Балабақша/мектеп аумағында от жағуға, отшашуларды қолдануға, сіріңке жағуға, отпен тәжірибе жасауға тыйым салынады.
 - 3.3. Түтіннің, күйген қағаздың, резинаның иісін сезген жағдайда дереу тәрбиешіге айту керек.
 - 3.4. Балабақшада/мектепте өрт болған жағдайда дыбыстық хабарлағыш арқылы эвакуация жүргізіледі.
 - 3.5. Эвакуация кезінде сабырлы болу, тәрбиешінің нұсқауларын мұқият тыңдау керек, бір орыннан басқа орынға ауысқан кезде балаларды басып озуға, бір-бірін итеруге болмайды.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША

4. Үйде, пәтерде өрт қауіпсіздігі ережелері

4.1. Үйде өрт болған жағдайда бөлмеден, пәтерден, үйден шығып, бұл туралы ересектерге (өтіпбара жатқан адамдарға, көршілерге) айту керек.

4.2. Егер есік жабық болып, кілт болмаса, жылдам балконға шығып, көмекке шақыру керек.

4.3. Өрт кезінде шкафқа, керуеттің немесе диванның астына жасырынуға болмайды, ересектер таба алмауы мүмкін.

4.4. Егер пәтердің (үйдің) ішін түтін алып кетсе, төмен еңкейіп, мұрын мен ауызды дымқыл орамалмен, киімнің жеңімен бүркеп, есікке қарай жылжу керек.

4.5. Егер үстіндегі киімі өртеніп жатса, еденге немесе жерге жатып, домалап отты сөндіру керек.

4.6. Жанып жатқан электр құрылғыларын (теледидар, компьютер) сумен сөндіруге болмайды.

4.7. Өрт кезінде мыналарды:

- егер өрт шағын болса, оны сумен сөндіруге немесе қалың көрпемен (жамылғымен) жабуға болатынын;
- жанып жатқан электр құрылғыларын сумен сөндіруге болмайтынын;
- өрт қана емес, түтін де қауіпті екенін;
- бөлменің бұрыштарына, керуеттердің астына, шкафтардың артына және ішіне жасырынуға болмайтынын;
- өртеніп жатқан бөлмеде қалуға болмайды, шығып кетіп, ересектерді көмекке шақыру керек екенін білу керек.

